



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

№ исх: 17-09/2841 дз от: 20.06.2022

№ вх.2475//17-09/2841дз от: 20.06.2022

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2022 жылғы 20 мамырдағы
№ 16-13-130Д/С сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Шығыс Қазақстан облысының гидротехникалық құрылысжайларын реконструкциялау бойынша жобаларға қаржы бөлу мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап мынаны хабарлаймыз.

Барлық көрсетілген жобалар бойынша белгіленген талаптарға сәйкес гидротехникалық құрылыстарды қайта жаңартуды жүзеге асыруға арналған қаржы-экономикалық негіздемелерді жаңарту және жобалау-сметалық құжаттамаларды түзету бойынша шаралар қабылданады.

Бұл ретте, 2022 жылдың соңына дейін Жарма ауданындағы Шар су қоймасын қайта құру жобасын пайдалануға беру, сондай-ақ Тарбағатай ауданындағы Қарғыба жобасының едәуір бөлігін аяқтау және тапсыру жоспарлануда.

Сонымен қатар, Зайсан ауданында Үйдене су қоймасын реконструкциялау жобасы бойынша 2023 жылы құрылыс жұмыстарын толық аяқтауды көздейтін тиісті жол картасы қабылданды.

Тұтастай алғанда, гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау, оның ішінде көрсетілген Шығыс Қазақстан облысындағы жобалар уәкілетті мемлекеттік органның бақылауында.

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары

Д.М. Мусинге

О.А. Булавкинаға

Л.Ж. Сүлейменге

Қ.А. Мейребеков

75-00-33